UDC: 678.686
IRSTI: 44.41.35

©Nurtazina A.S., Zhubaev A.K., 2026.

Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan.
E-mail: Nurtazina_83@mail.ru

STUDY OF THE EFFECT OF HIGHLY DISPERSED OCHRE ON THE KINETIC CHARACTERISTICS OF EPOXY COMPOSITES

Nurtazina Ainur — Master of Physics, Senior Lecturer, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan, E-mail: Nurtazina_83@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0009-4245-0951>;

Zhubaev Abzal — Candidate of Physical and Mathematical Sciences, Associate Professor, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan, E-mail: mosslab.kz@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-7148-9403>.

Abstract. This study comprehensively investigated the influence of plasticizers (DBP and ORPP) and the mineral filler ochre on the structural and physicochemical properties of epoxy composites. The results demonstrated that the introduced components do not disrupt the structure of the polymer matrix but instead enable the targeted modification of its properties. FTIR spectroscopy analysis revealed that the interactions between the components occur mainly through hydrogen bonding, while the structural stability of the system is maintained. The use of oligoresorcinol phenyl phosphate (ORPP), a halogen-free oligomeric flame retardant, together with dibutyl phthalate (DBP) as a plasticizer for epoxy polymers, is an effective approach for producing compositions with improved curing kinetics, enhanced flame resistance, and increased flexibility and mechanical strength. The effectiveness of using ochre as an inexpensive and active filler was confirmed at a loading of 30 wt. parts for ORPP-containing systems and 10–50 wt. parts for DBP-containing systems, resulting in improved kinetic characteristics and a higher degree of cure. The incorporation of ochre into the epoxy composite reduced the gelation time of the ORPP-containing system from 50 to 10 minutes and the curing time from 56 to 14 minutes. This effect is attributed to an increase in the maximum curing temperature from 104°C to 162°C. For the DBP-containing system, the



gelation time decreased slightly from 50 to 49 minutes, whereas the curing time increased from 56 to 65 minutes. This behavior is associated with an increase in the maximum curing temperature to 142°C. Furthermore, a comparative analysis of thermally treated and untreated composites showed that the degree of cure increased from 96% to 99.4% for the ORPP–ochre system (30 wt. parts) and from 94% to 99.2% for the DBP–ochre system (50 wt. parts). Therefore, selecting an optimal degree of cure is a crucial factor in ensuring the desired performance characteristics of epoxy systems. The obtained results provide opportunities for developing new materials with high flame resistance, improved strength, and enhanced flexibility.

Keywords: plasticizer, ORFF, DBF, ochre powder, IS spectroscopy, degree of curing, maximum curing temperature

For citations: Nurtazina A.S., Zhubaev A.K. Study of the Effect of Highly Dispersed Ochre on the Kinetic Characteristics of Epoxy Composites. Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.2. Pp. 92–102. DOI: <https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.439>

©Нуртазина А.С., Жубаев А.К., 2026.

Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан.

E-mail: Nurtazina_83@mail.ru

ДИСПЕРСТІЛІГІ ЖОҒАРЫ ОХРАНЫҢ ЭПОКСИДТІ КОМПОЗИТТЕРДІҢ КИНЕТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫНА ЫҚПАЛЫН ЗЕРТТЕУ

Нуртазина Айнур — физика магистрі, аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, E-mail: Nurtazina_83@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0009-4245-0951>;

Жубаев Абзал — физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, E-mail: mosslab.kz@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-7148-9403>.

Аннотация. Зерттелу барысында эпоксидті композиттердің құрылымдық және физика-химиялық қасиеттеріне пластификаторлар (ДБФ, ОРФФ) мен минералды толтырғыш – охранның әсері кешенді түрде зерттелді. Зерттеу нәтижелері енгізілген компоненттердің полимер матрицасының құрылымын бұзбай, керісінше оның қасиеттерін мақсатты түрде өзгертуге мүмкіндік беретіндігі дәлелденді. ИҚ-спектроскопия талдауы компоненттер арасындағы өзара әрекеттесулердің негізінен сутектік байланыстар арқылы жүретінін және жүйенің құрылымдық тұрақтылығы сақталатыныны байқалды.

Модификациялаушы қоспалар ретінде соңғы олигомерлі галогенсіз антипирен қасиеті бар олиго резорцинфенилфосфатты (ОРФФ) және дибутилфталат (ДБФ) эпоксидті полимер үшін пластификатор ретінде қолдану кинетикалық қасиеттері жақсартылған, отқа төзімділігі жоғары және жүйеге икемділік, беріктік қасиетін беретін композициялар алудың тиімді тәсілі болып табылады. ОРФФ-ға охраны (30 массалық үлес мөлшерінде), ал ДБФ-ке (10, 50 массалық үлес мөлшерінде) эпоксидті полимерге арзан әрі белсенді толтырғыш ретінде қолданудың тиімділігі дәлелденді, ол кинетикалық қасиеттерін және қату дәрежесін жақсартады. Охраны эпоксидті композит құрамына енгізу температураның уақытқа тәуелділігі бойынша ОРФФ үшін гель түзілу уақыты (50 минуттан 10 минутқа дейін) қысқаруы байқалды. Қату уақыты (56 минуттан 14 минутқа дейін) қысқарғанын байқаймыз. Бұл құбылыс қатайту процесінің максимал температурасының (104°C-тан 162°C-қа) дейін жоғарылауымен түсіндіріледі. Ал ДБФ үшін (50 минуттан 49 минутқа дейін) қысқаруы байқалды. Қату уақыты (56 минуттан 65 минутқа дейін) ұзарғандығын байқаймыз. Бұл құбылыс қатайту процесінің максимал температурасының (142°C-қа) дейін жоғарылауымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, салыстырмалы түрде термиядан өңделген және өңделмеген композиттердің қату дәрежелері ОРФФ-ға охраны (30 массалық үлес мөлшерінде) 96%-99,4%-ға өсті, ал ДБФ-ке (50 массалық үлес мөлшерінде) 94%-99,2%-ға өсті. Сондықтан эпоксидті жүйелер үшін қату дәрежесінің оңтайлы мәнін таңдау материалдың эксплуатациялық сипаттамаларын қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады. Зерттеу нәтижелері отқа төзімді және беріктік, икемділігі жоғары жаңа материалдарды алуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: пластификатор, ОРФФ, ДБФ, охра ұнтағы, ИК спектрі, қату дәрежесі, максималды қату температурасы

©Нуртазина А.С., Жубаев А.К., 2026.

Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова,
Актобе, Казахстан.

E-mail: Nurtazina_83@mail.ru.

ИССЛЕДОВАНИЕ ВЛИЯНИЯ ВЫСОКОДИСПЕРСНОЙ ОХРЫ НА КИНЕТИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ ЭПОКСИДНЫХ КОМПОЗИТОВ

Нуртазина Айну — магистр физики, старший преподаватель, Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан,

E-mail: Nurtazina_83@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0009-4245-0951>;

Жубаев Абзал — кандидат физико-математических наук, доцент, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан,

E-mail: mosslab.kz@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-7148-9403>.

Аннотация. В работе проведено комплексное исследование влияния пластификаторов - дибутилфталата (ДБФ) и олигорезорцинфенилфосфата (ОРФФ), а также минерального наполнителя - высокодисперсной охры -

на структурные и физико-химические свойства эпоксидных композитов. Установлено, что введение модифицирующих компонентов не нарушает структуру полимерной матрицы, а позволяет целенаправленно регулировать её свойства. Результаты ИК-спектроскопического анализа показали, что взаимодействие между компонентами осуществляется преимущественно за счёт водородных связей, при этом структурная стабильность системы сохраняется. Показано, что использование олигорезорцинфенилфосфата, обладающего свойствами безгалогенного олигомерного антипирена, а также дибутилфталата в качестве пластификатора является эффективным способом получения эпоксидных композиций с улучшенными кинетическими характеристиками, повышенной огнестойкостью, высокой прочностью и гибкостью. Установлена эффективность применения охры в количестве 30 масс. ч. для систем с ОРФФ и 10–50 масс. ч. для систем с ДБФ в качестве доступного и активного наполнителя, способствующего повышению степени отверждения и улучшению кинетических параметров процесса. Введение охры в систему с ОРФФ привело к сокращению времени гелеобразования с 50 до 10 мин и времени полного отверждения с 56 до 14 мин, что обусловлено повышением максимальной температуры отверждения со 104 до 162 °С. Для системы с ДБФ время гелеобразования уменьшилось с 50 до 49 мин, тогда как продолжительность отверждения увеличилась с 56 до 65 мин, а максимальная температура процесса возросла до 142 °С. Сравнительный анализ термообработанных и необработанных образцов показал увеличение степени отверждения с 96 до 99,4 % для композиции ОРФФ + охра (30 масс. ч.) и с 94 до 99,2 % для композиции ДБФ + охра (50 масс. ч.). Полученные результаты подтверждают, что выбор оптимальных режимов отверждения является важным условием обеспечения высоких эксплуатационных характеристик эпоксидных материалов. Разработанные композиции могут быть использованы для создания новых материалов с повышенной огнестойкостью, прочностью и эластичностью.


Ключевые слова: ОРФФ, ДБФ, порошок охры, ИК-спектр, степень отверждения, максимальная температура отверждения

Кіріспе. Қазіргі уақытта жоғары механикалық беріктігімен, химиялық әсерлерге төзімділігімен және төмен салмағымен ерекшеленетін полимерлі композициялық материалдарға деген сұраныс айтарлықтай артып отыр. Осындай материалдар арасында эпоксидті шайырлар негізінде алынатын композиттер маңызды орын алады. Олар машина жасау, құрылыс индустриясы, авиациялық техника және қорғаныс салаларында кеңінен қолданыс табууда. Эпоксидті жүйелердің химиялық қасиеттері олардың молекулалық құрылымына, қолданылатын қатайтқыштың түріне, сондай-ақ құрамына енгізілетін модификаторлар мен толтырғыштардың ерекшеліктеріне тікелей тәуелді. Осы себепті эпоксидті композициялардың қатаю процесінің кинетикасын зерттеу олардың технологиялық параметрлері мен эксплуатациялық қасиеттерін тиімді басқаруда аса маңызды болып табылады. Өндіріс пен техниканың түрлі салаларында эпоксидті композиттер жоғары механикалық беріктілігі және химиялық тұрақтылығының арқасында көптеген


салаларда кеңінен қолданылады. Алайда олардың табиғи қаттылығы, сондай-ақ сыртқы ортаға бейімделу әсерінің шектеулігі материал қасиетін жақсартуды қажет етеді (Chen, 2021).

Осыған байланысты, эпоксидті композиттерді модификациялау, атап айтқанда тиімді пластификаторлар мен минералды толтырғышты енгізу олардың құрылымдық және физика-химиялық қасиеттерін жақсартудың өзекті бағыты болып табылады. Дисперсті минералдарды енгізу материал құнын төмендетіп қана қоймай, сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында модификациялаушы қоспа ретінде екі түрлі пластификатор және дисперсті толтырғыш енгізіліп, жаңа эпоксидті композит алу барысында әртүрлі әдістермен олардың қасиеттері зерттелінді (Chen, 2021; Chursova, 2020).


Материалдар мен әдістер. Байланыстырушы: эпоксидті дианды шайыр ЭД-20 (1 сурет). Қатайтқыш: полиэтиленполиамин ПЭПА (2 сурет). Модификациялаушы қоспалар: 1. Дибутилфталат ДБФ (3 сурет), 2. Олиго резорцинфенилфосфат ОРФФ (4 сурет). Толтырғыш: Охра




Сурет 1. ЭД-20 Эпоксидті дианды шайырдың химиялық формуласы.



Сурет 2. ПЭПА химиялық формуласы.



Сурет 3. Дибутилфталат (ДБФ) пластификаторы (ГОСТ 8728-88).



Сурет 4. Олиго резорцинфенилфосфат (ОРФФ) - олигомерлі галогенсіз антипирен қасиеті бар пластификатор.

Охра – табиғи дисперсті минералды толтырғыш болып табылады және негізінен темір оксидтерінен (көбінесе Fe_2O_3) тұрады. Ол табиғатта кең таралған, түсі сарыдан қызыл-қоңырға дейін өзгеріп отыратын ұнтақ тәрізді материал. Охраның түсі оның құрамындағы кремний және темір қосылыстарының түріне және мөлшеріне байланысты анықталады. Табиғи шығу тегі мен қарапайым өңдеу технологиясының арқасында ол арзан әрі қолжетімді материалдардың қатарына жатады (Ақтөбе облысы, Қазақстан) (Karataeva, 2024; Li, 2022).

Рентген флуоресцентті анализ S6 Jaguar (Bruker) қондырғысында зерттелген охраның химиялық құрамы пайыздық үлеспен көрсетілген (1-кесте).

Кесте 1. Охраның химиялық құрамы.

Компонент	SiO_2	Fe_2O_3	Al_2O_3	K_2O	TiO_2	MgO	CaO	P_2O_5
Концентрация, %	56.80	21.31	18.22	1.49	0.78	0.63	0.53	0.24


Бұл зерттеу жұмысында мынандай әдістер қолданылды:

1. Композитерді дайындау барысында екі түрлі модификациялаушы қоспалар мен дисперсті минералды толтырғыш охра алынып, (100 ЭД-20+15 ПЭПА+30 ОРФФ+10,30,50 охра), (100 ЭД-20+15 ПЭПА+30 ДБФ+10,30,50 охра) термометрмен және секундомердің көмегімен температураның уақыт бойынша өзгерісінің мәндерін алынды. Гель түзілу, қату уақыты, максималды қату температурасы анықталды.

2. Эпоксидті матрица мен дисперсті минерал арасындағы химиялық өзара әрекеттесулердің сипатын анықтау үшін инфрақызыл спектроскопия әдісі қолданылды. Үлгілер S6 Jaguar (Bruker ALPHA II) типті ИҚ-спектрометрде $4000\text{--}400\text{ см}^{-1}$ диапазонда зерттелді.

3. Эпоксидті композиттердің қату дәрежесін анықтау.

Нәтижелер мен талқылау. Жүргізілген зерттеулер нәтижесі композициялық материалдың да осы заңдылықтарға сәйкес жүретінін көрсетті (5-сурет). Бұл жағдайда гель түзілу уақытының 50 минуттан 49 минутқа дейін қысқаруы байқалды. Ал толық қатаю уақыты 56 минуттан 65 минутқа дейін ұзарғаны анықталды (2-кесте). Мұндай өзгеріс қатаю процесі кезінде максимал температураның 142°C -қа дейін көтерілуімен түсіндіріледі (Kumar, 2022).



Сурет 5. Эпоксидті олигомердің ДБФ қосылған қатаю процесі кезіндегі температурасының өзгеруі.

Кесте 2. Композицияланған эпоксидті материалдардың қатаю көрсеткіштері.

Композиция құрамы, мас. үлес. (қату, 15 мас. үлес. ПЭПА)	Гель түзілу уақыты, τ, мин	Қату уақыты, τ, мин	Қату температурасы, °С
100 ЭД–20+15ПЭПА	50	56	104
100 ЭД–20+15ПЭПА+30ДБФ	52	78	128
100 ЭД–20+15ПЭПА+30ДБФ+10ОХРА	49	65	142

Дәл осылай екінші модификациялаушы қоспа ретінде ОРФФ алынды. Композитті дайындау барысында 100ЭД-20+15ПЭПА+30ОРФФ+10,30,50охра болатын қосылыстарды араластырып, термометрмен және секундомердің көмегімен температураның уақыт бойынша өзгерісінің мәндерін алынды. Төменде температураның уақытқа тәуелділік графигі көрсетілді (6-сурет).



Сурет 6. Қатаю процесі кезінде эпоксидті олигомер ОРФФ қосылған кездегі температурасының өзгерісі.

Кесте 3. Композицияланған эпоксидті материалдардың қатаю көрсеткіштері.


Композиция құрамы, мас. үлес. (қату, 15 мас. үлес. ПЭПА)	Гель түзілу уақыты, τ, мин	Қату уақыты, τ, мин	Қату температурасы, °С
100 ЭД–20+15ПЭПА	50	56	104
100 ЭД–20+15ПЭПА+30ОРФФ	18	27	182
100 ЭД–20+15ПЭПА+30ОРФФ+30ОХРА	10	14	162

Зерттеу нәтижелері композициялық материалдың берілген заңдылықтарға сәйкес өзгеретінін көрсетті (3-кесте). Талдау барысында гель түзілу кезеңінің айтарлықтай өзгеріп, 50 минуттан 10 минутқа дейін қысқарғаны анықталды. Сонымен қатар жүйенің толық қатаю уақыты да артып, 56 минуттан 14 минутқа дейін төмендегені байқалды. Бұл өзгерістер қатаю процесі кезінде бөлінетін жылу мөлшерінің артуымен байланысты, нәтижесінде температураның ең жоғарғы мәні 104°С-тан 162°С-қа дейін көтерілді. Қорытындылай келе, ДБФ және ОРФФ негізіндегі пластификаторлардың мөлшерлерін салыстыру нәтижесінде ДБФ үшін ең тиімді көрсеткіш 10 массалық үлесте байқалғаны анықталды. (Li, 2022; Zhou, 2023).

ОРФФ негізіндегі пластификатор қолданылған жүйеде ең жоғары тиімділік


30 массалық үлесте анықталды, мұнда гель түзілу және қатаюу уақыты едәуір қысқарып, ал температуралық көрсеткіштердің артқаны байқалды. Осылайша, ДБФ үшін оңтайлы мөлшер 10 массалық үлес болса, ОРФФ үшін 30 массалық үлес ең тиімді құрам болып табылады (Li, 2020; Tlekova, 2024; Zhao, 2023).

ЭД-20 негізіндегі эпоксидті композициялардың ИҚ-спектрлері бастапқы эпоксидті матрицаға тән негізгі жұтылу жолақтарының сақталуымен сипатталады, бұл жүйеге ДБФ пластификаторы мен охра толтырғышын енгізу барысында полимер құрылымының химиялық деструкцияға ұшырамайтынын көрсетеді. 2959 см^{-1} аймағындағы жұтылу жолағы алифатты С–Н байланыстарының валенттік тербелістеріне сәйкес келеді. 1500–1600 см^{-1} аралығында байқалатын жолақтар ароматты сақиналардың тербелістерімен және эпоксидті шайыр құрылымындағы бензол ядросының тербелістерімен түсіндіріледі. 1236 см^{-1} және 1032 см^{-1} аймағындағы жұтылу максимумдары С–О–С эфирлік байланыстарының тербелістеріне тән, бұл эпоксидті торлы құрылымның сақталғанын дәлелдейді (Nurtazina, 2024; Rahman, 2023).



Сурет 7. ЭД-20, ПЭПА, ДБФ, ОХРА құрамдарының ИҚ-спектрлері.

ДБФ енгізілген үлгіде бұл жолақтардың қарқындылығының артуы пластификатор молекулаларының полимер тізбектері арасында орналасып, жүйенің икемділігін арттыратынын көрсетеді. Охра қосылған композицияда 1028 см^{-1} аймағындағы жұтылу жолағының күшеюі минералдық толтырғыш құрамындағы Si–O және металл–O байланыстарының тербелістерімен байланысты. Бұл эпоксидті матрица мен толтырғыш бөлшектері арасында физика-химиялық өзара әрекеттесулердің жүретінін және компоненттердің жақсы үйлесімділігін дәлелдейді (7-сурет).



Сурет 8. ЭД-20, ПЭПА, ОРФФ және ОХРА қосылыстарының ИҚ спектрлері.

ОРФФ енгізілген үлгіде спектрлік жолақтардың қарқындылығының өзгеруі пластификатор молекулаларының эпоксидті тор құрылымымен молекулааралық әрекеттесетінін және материалдың ішкі кернеуін төмендетіп, икемділігін арттыратынын көрсетеді. Охра қосылған жүйеде төмен жиілікті және $1000\text{--}1100\text{ см}^{-1}$ аралығындағы жолақтардың күшеюі толтырғыш бөлшектері мен полимер матрицасы арасында химиялық байланыстардың қалыптасуын сипаттайды.

Жалпы алғанда, ИҚ-спектрлік талдау ЭД-20 негізіндегі эпоксидті жүйеге ОРФФ пен охра енгізу барысында полимер матрицасының құрылымдық тұтастығы сақталатынын көрсетті (8-сурет). Сонымен қатар, жаңа компоненттер құрылымды бұзбай, оны қайта ұйымдастыру арқылы жүйеге енетіні байқалды. $1235\text{--}1284\text{ см}^{-1}$ аймағындағы спектрлік өзгерістер C–O–C, P–O–C және P=O байланыстарының болуымен түсіндірілсе, 1507 және 1604 см^{-1} маңындағы жолақтар ОРФФ құрамындағы ароматты фрагменттердің жүйеге енгенін дәлелдейді (Rahman, 2023; Sun, 2024).

Композиттердің қату дәрежесін анықтау термиялық өңдеуге дейін және кейін термиялық пеште 90°C температурада 1 сағат уақыт ішінде қыздырылды. Тәжірибе барысында екі түрлі пластификатор (ОРФФ, ДБФ) үшін охраның (10,30,50) массалық үлестері алынды. Салыстырмалы түрде рационалды нәтижені ОРФФ қолданылған жүйеде — 30 массалық үлес, ал ДБФ қолданылған жүйеде охраның тиімді мөлшері 50 массалық үлес екені анықталды (4-кестеде келтірілген) (Saba, 2021; Wang, 2021; Zhang, 2020).

Кесте 4. Эпоксидті композиттердің қату дәрежесі.

Композиция құрамы, мас.ү. ПЭПА мен қатырылған	Қату дәрежесі, X, %	Термиялық өңдеуден кейінгі қату дәрежесі, X, %
100 ЭД20+15ПЭПА	98,73	98,73
100 ЭД20+15ПЭПА+30ОРФФ	91,7	93
100 ЭД20+15ПЭПА+30ОРФФ+30ОХРА	96	99,4
100 ЭД20+15ПЭПА+30ДБФ	94	97
100 ЭД20+15ПЭПА+30ДБФ+50ОХРА	94	99,2

Қорытынды. Жұмыс барысында пластификаторлардың түрі мен мөлшері қатаю процесінің кинетикасына және композиттің қасиеттеріне айтарлықтай әсер ететіні анықталды. ДБФ негізінен физикалық пластификатор ретінде әсер етіп, қатаю процесін баяулатса, ОРФФ химиялық белсенділігі жоғары компонент ретінде құрылым түзілуін жеделдетеді. Зерттеу нәтижесінде тиімді құрамдар анықталып, ДБФ үшін 10 массалық үлес, ал ОРФФ үшін 30 массалық үлес ең оңтайлы екені дәлелденді.

Сонымен қатар, эпоксидті композиттердің құрылымдық және физика-химиялық қасиеттеріне пластификаторлар (ОРФФ, ДБФ) мен минералды толтырғыш – охранның әсері кешенді түрде зерттелді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, енгізілген компоненттер полимер матрицасының құрылымын бұзбай, керісінше оның қасиеттерін мақсатты түрде өзгертуге мүмкіндік береді. ИҚ-спектроскопия талдауы компоненттер арасындағы өзара әрекеттесулердің негізінен сутектік байланыстар арқылы жүретінін және жүйенің құрылымдық тұрақтылығы сақталатынын дәлелдеді.

Қату дәрежесі бойынша икемді эпоксидті композиттер алу үшін ДБФ қолданылған жүйеде охранның тиімді мөлшері 50 массалық үлес, ал отқа төзімді антипирен үшін ОРФФ қолданылған жүйеде — 30 массалық үлес екені анықталды.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер эпоксидті композиттердің қасиеттерін пластификаторлар мен минералды толтырғыштарды дұрыс таңдау және үйлестіру арқылы тиімді басқаруға болатынын көрсетті. Бұл зерттеу қорытындылары жоғары берікті, икемді және ұзақ мерзімді композиттік материалдарды өндіру технологияларын жетілдіруге практикалық негіз бола алады.

References

- Chen L., Wu J., Hao J. (2021) Effect of mineral fillers on curing kinetics and thermal properties of epoxy composites. *Thermochimica Acta*. – No. 698. – P. 178874. (in Eng.).
- Chursova L.V., Panina N.N., Grebeneva T.A., Kutergina I.Yu. (2020) Epoksidnye smoly, otverditeli, modifikatory i svyazuuyushchie na ikh osnove [*Epoxy resins, curing agents, modifiers and binders based on them*]. Saint Petersburg: Profession Publishing Center. – P. 576. (in Rus.).
- Karataeva B.N., Nurtazina A.S., Tlekova G.S. (2024) Issledovanie epoksidnykh materialov, napolnennykh galvanicheskim shlamom [Study of epoxy materials filled with electroplating sludge]. In: *XVI International Scientific and Practical Conference "Innovative Technologies in Teaching Physical-Mathematical and Vocational-Technical Disciplines*. Mogyr. – P. 258-259. (in Rus.).
- Kumar R., Singh S., Gupta A. (2022) Curing kinetics and thermal stability of epoxy resin systems modified with additives. *Journal of Thermal Analysis and Calorimetry*. – No. 147 – P.11235-11248. (in Eng.).

Li Q., Chen Y., Zhang S. (2022) Influence of inorganic fillers on curing behavior and performance of epoxy composites. *Journal of Applied Polymer Science*. – No. 139(15). – P. 51987. (in Eng.).

Liu X., Guo Z., Yang R. (2020) Recent advances in halogen-free flame retardants for epoxy resins. *Polymer Degradation and Stability*. – No. 178. – P. 109200. (in Eng.).

Nurtazina A.S., Plakunova E.V., Karataeva B.N., Tlekova G.S. (2024) Issledovanie vozmozhnosti ispol'zovaniya otkhodov galvanicheskoi promyshlennosti v kachestve napolnitelei dlya epoksidnykh matrits [Study of the possibility of using electroplating industry waste as fillers for epoxy matrices]. In: *International Scientific and Practical Conference "Functional Polymers for Pharmaceuticals, Oil Industry, Ecology, Bio- and Nanotechnologies and Current Issues of Natural Sciences"*. – Aktobe. – P. 150-153. (in Rus.).

Rahman M., Kim N.K., Nam I.W. (2023) Thermal and mechanical performance of plasticized epoxy composites. *Materials*. – No. 16(5). – P. 1890. (in Eng.).

Saba N., Jawaid M., Alothman O.Y. (2021) Effect of plasticizers on mechanical and thermal properties of epoxy systems. *Polymers*. – No. 13(4). – P. 601. (in Eng.).

Sun J., Zhang C., Liu Y. (2024) Enhanced flame retardancy and curing behavior of epoxy composites with phosphorus-containing additives and mineral fillers. *Polymers*. – No. 16(2). – P. 245. (in Eng.).

Tlekova G.S., Karataeva B.N. (2024) Gal'vanikalyq shlammen tolturylgan epoksidtik materialdardy zertteu [Study of epoxy materials filled with electroplating sludge]. In: *XX International Scientific and Practical Conference "Youth, Science and Innovation"*. – P. 382-384. (in Kazakh).

Wang P., Song L., Hu Y. (2021) Phosphorus-based flame retardants for epoxy resins: Recent developments. *Materials Today Chemistry*. – No. 20. – P. 100454. (in Eng.).

Zhang Y., Wang Q., Li J. (2020) Flame-retardant epoxy resins modified with phosphorus-containing compounds: A review. *Composites Part B: Engineering*. – No.199. – P. 108278. (in Eng.).

Zhao X., Wang L., Chen H. (2023) Recent progress in curing kinetics and flame retardancy of epoxy resin systems. *Progress in Polymer Science*. – No.145. – P. 101742. (in Eng.).

Zhou H., Liu H., Fang Z. (2023) Synergistic effect of flame retardants and fillers in epoxy composites. *Composites Science and Technology*. – No. 233. – P. 109876. (in Eng.).

**Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the
«Central Asian Academic Research Center» LLP (Almaty)**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

**www.nauka-nanrk.kz
ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)
<http://reports-science.kz/index.php/en/archive>**

Managing Editor: T. Apendiev
Editors: D.S. Alenov, A. Shormakova
Computer layout: G.D. Zhadyranova

Signed for print: June 22, 2026
Format: 70×90 1/16. 24.5 printed sheets. Order No. 2.

*«Central Asian Academic Research Center» LLP
Almaty, Shevchenko Street, 28*